

**ЖШС «Nursultan 7 ясли-сад» қамқоршылық кеңесі отырысының
№5 хаттамасы**

Өткізілген күні: 29.05.2026 жыл

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері, хатшы.

Күн тәртібі:

1. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен таныстыру

Жумабисоав Т.О.-медбике

2. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі іс-шараларды бірлесе өткізуді жоспарлау

Құттымұрат А.Т - әдіскер

3. Қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есебі

Даулетов Д.И- Қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша медбикесі Жумабисова Тазанұр Орынбасарова жазғы сауықтыру мезгілінде балабақшада жүргізілетін шынықтыру шаралары жайлы хабарлама жасады. Ол өз хабарламасында күнмен, сумен, ауамен шынықтыру түрлерін атап көрсетті. Жазғы уақыт бала ағзасын шынықтыруға қолайлы уақыт екенін атап айтты. Құммен ойын барысында, таза ауадағы серуен кезінде бала ағзасы күнмен шынығатынын, көшірмелі бассейндегі сумен ойындар кезінде, шалпылдатқыш бассейнде сумен шынығу жұмыстары жүргізілетінін, таза ауадағы таңертеңгі жаттығулар, таза ауадағы серуен, қимылды ойындар баланың ауамен шынығуына мүмкіндік беретінін айтты. Шынықтыру шараларын жүргізу әдістемесіне тоқталды.

Екінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері Құттымұрат Ақмарал Талғатқызы жұмыс жоспарына сәйкес жазғы сауықтыру мезгілінде жүргізілетін іс шаралар жоспарымен таныстырды. Атап айтқанда, балаларға арналған мультфильмдер көрсетілімі, спорттық эстафеталық сайыс, шығармашылық галерея, ертегі қойылымдары, патриоттық әндер байқауы, би фестивалі сияқты шаралар жоспарланғанын атап өтті.

Үшінші мәселе бойынша, Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Даулетов Дархан Исатаевич 2025-2026 оқу жылында балабақшадағы қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есеп берді. Ол өз есеп беруінде балабақшаның қамқоршылық кеңесі 7 мүшеден құрылғанын, жұмыс жоспарына сай 5 отырыс жоспарланғанын, барлық отырыстар өз уақытысында

өткізілгенін айтты. Қамқоршылық кеңесінің отырыстары хаттамаланып, барлық ұсыныс пікірлер енгізіліп отырғанын атап өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз ойларын ортаға салды.

Махамбетов Ж.Н-Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:

- Балабақшада балалардың шынығуына жағдай жасалған. Жыл сайын жазғы сауықтыру жұмысында бассейндегі жұмыстар, құммен ойындар жүргізілетінін көріп жүрміз.

Мусахан Р.Е -Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:

- Жазғы мезгілде таңертеңгі қабылдаудан бастап таза ауада жүргізіледі. Таңертеңгі жаттығу балабақша ауласында жүргізілетініне балалар үшін де үлкен қуаныш сыйлайтыны көңілге қонымды.

Қамқоршылық кеңесінің отырысын төрағасы Даулетов Дархан Исатаевич қорытындылады. Ол жалпы балабақшада жазғы сауықтыру мезгіліндегі жұмыстарға үлкен мән берілетінін, бұл өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды:

1. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шаралары, Жұмыс жоспарына сәйкес өткізілетін іс-шаралар жоспары өз деңгейінде жоспарланған деп есептелсін.
2. Балабақшада құрылған Қамқоршылық кеңесінің атқарылған жұмыстарының есебін тындай келе, қанағаттанарлық деп есептелсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Даулетов Д.И

Хатшы:

Құттымұрат А.Т

Мүшелері:

Казиханова Ж.М

Нуркенова Н

Махамбетов Ж.Н

Жусупова А.М

Мусахан Р.Е

Жұрынбай Н